



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Жыл ішінде төлем карточкасымен жүргізілген төлемдер 2,6 есе өсті

2020 жыл, 12 қараша

2020 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында қазақстандықтар 23 трлн теңгеге 2 миллиардқа жуық қолма-қол ақшасыз операциялар жүргізді. Бұл өткен жылдың осы кезеңіне қарағанда, 2,6 есе артық.

Сәуір айында ТЖ байланысты бірқатар бизнес субъекті жұмыстарын уақытша тоқтатқандықтан, қолма-қол ақшасыз операциялар біршама азайды. Бірақ мамыр айынан бастап операциялардың көлемі орташа есеппен ай сайын 12%-ға өсіп отырды. Қолма-қол ақшаны шешу операциялары керісінше азайып, карточкалармен жүргізілген операциялардың үштен бір бөлігінен аспады.


Қазірдің өзінде интернет-банкінг пен банктердің мобильді қосымшаларында жүргізілген операциялардың, яғни онлайн-операциялардың үлесі ұлғайып келеді. Егер 2019 жылдың 9 айында онлайн-операциялар үлесі 67% болса, биыл - 81%. Орташа есеппен алғанда, 9 айда онлайн түрде төлем карточкаларымен 68 миллиард теңгеден аса қаржыға 4 миллион транзакция өткізілген.

Жыл басынан-ақ мобильді банкінг аудиториясы тым белсенді болды. Қаңтар айында интернет-банкінгті белсенді қолданатындардың саны 8 миллион болса, қыркүйек айында ол 12 миллионға жетті.


Жиі қолданылатын төлем карточкаларының саны - 25 миллион. Бұл карточканың барлығын иелері қыркүйек айында онлайн-төлем жүргізіп қана қоймай, қолма-қол ақшаны шешу үшін де қолданды. Биылғы 9 айда қазақстандық банктер 12 миллион төлем карточкасын шығарды.



Төлем карточкаларымен есептесу: қыркүйек айындағы операциялар көлемі қаңтар айындағы көрсеткіштен екі есе көп



Қыркүйек айында шамамен әрбір екінші төлем карточкасын ұстаушы – интернет-банкінгтің белсенді қолданушысы



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (717) 2 775 205

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz